



ҒТАХР 17.07.31

Ғылыми мақала

Г. Газизов 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

(E-mail: gibrat_01@mail.ru)

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ ОБРАЗ ПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа. Тарихи тұлғалар образын көркем шығармаға негіздеу барысында әрбір қаламгер, ақын-жазушы сол тұлғаның өмірімен, тарихи деректермен, кезең әдебиетімен толық танысады. Қазақ әдебиетінде Қазақ хандығы құрылып, соғыс жылдары ерлік көрсеткен батырлар образы, ХХ ғасырдағы елдің дамуы мен оқу-ағарту шаралары барысында бой көтерген ұлы тұлғалар образы көркем туындыларда суреттеліп келеді. Мақалада Алаш қайраткері, ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілі, ақын әрі көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының көркем әдебиеттегі бейнесі жан-жақты талданады. Тарихи тұлғаның көркем әдебиеттегі болмысы мен қоғамдық қызметінің көрінісі әртүрлі қаламгерлер туындылары негізінде сараланады. Атап айтқанда, Ә.Тәңірбергенұлы, Ә.Найманбайұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Титақұлы, Б.Майлин, Т.Жұртбай, Ж.Әбдірәш, С.Тұрғынбекұлы және Е.Төлеубай сынды ақын-жазушылардың еңбектеріндегі Міржақып образына талдау жасалады. Кеңестік дәуірдегі бұрмаланған бейнелер мен тәуелсіздік кезеңіндегі шынайы әрі оң бағалаулар салыстырмалы түрде қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада Міржақыптың «Оян, қазақ!» ұранының ұлттық санаға әсері, түрмедегі тағдыры, саяси қуғын-сүргін құрбаны ретіндегі бейнесі, поэзия мен драматургиядағы рухани келбеті терең ашылады. Қайраткердің көркем бейнесі арқылы ұлттық тарих, тәуелсіздік идеясы және тарихи әділеттілікке ұмтылыс айқындалады.

Түйін сөздер: Алаш қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыс, қазақ әдебиеті, көркем бейне, ұлттық сана, саяси қуғын-сүргін, поэзия

Түсті: 12.09.2025; Жөнделді: 08.12.2025; Мақұлданды: 24.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

Тарихи тұлғалардың бейнесін көркем әдебиетте суреттеу – тарих мен әдебиет арасындағы шындық болмысты айқындау. Бұл мәселе осыған дейін зерттеушілердің назарын аударып келе жатқан ғылыми мәселе. Батырлар мен хандардың тарихи образдарын көркем туындыға арқау еткен І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романы, сондай-ақ, ақын-жазушылардың өмірі мен қызметі туралы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романы, М.Мағауиннің «Мен» романы, Ә.Нұршайықовтың «Менің достарым» романы, Қ.Мырзалиевтің «Жазмыш», «Иірім» роман-эсселері де жарыққа шыққаны белгілі. Ал бұл образдардың көркемдік деңгейі мен суреттелу ерекшеліктері И.Байзақов, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин, С.Қирабаев, М.Әбсемет, А.Ісімақова, М.Хамзин, Б.Рахимов, Т.Аршабеков, К.Жүністегі, Ш.Жұқанұлы, Ж.Шөженов, А.Әлтай, П.Бисенбаев сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелді.

«Алаш», «Алаш қозғалысы» деген терминдермен біз ұлттық элитаны және оның қазақ халқының рухани, саяси және мәдени жаңғыруына бағытталған қызметін айтамыз (Қамзабекұлы, Қажымұрат, & Екижи, 2025). Патша заманында отарлық езгіде жатқан елін «Оян, қазақ!» деп бостандыққа, білімге, ғылымға, өзін-өзі қорғай білуге шақырған жалынды ақын, көсемсөз шебері, Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының (1885-1935) көркем әдебиеттегі бейнесі қазақ әдебиетінде жиі ұшырасып отырады. Оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі ұлттың азаттығы мен рухани жаңғыруының маңызды символы болып табылады. Міржақыптың өлеңдері мен прозалық еңбектері қазақ халқының санасын оятуға, отарлық езгіден арылуға деген үмітті арттыруға бағытталған. «Tragic Elements in M. Dulatov's Poem 'Qaida edin'? (Where Were You?)» (Abdikalyk, Baltabayeva, & Kozhekeyeva, 2024) атты зерттеу еңбегінде М.Дулатұлының «Қайда едің» шығармасындағы трагедиялық концептілер талданады. Қазақ халқының басына түскен Бірінші Дүниежүзілік соғыс зардабы, дала – жер – Алаш халық байланысының көрінісі суреттелеуі мен синтаксистік параллелизм, қайталаудың әртүрлі формалары, риторикалық сұрақ қою және басқа поэтикалық әдістер авторға өз көзқарасын білдіру ерекшеліктері айқындалған. Ал, әдебиеттегі кейіпкер ретінде қарастыратын болсақ, ол – батылдықтың, ұлт мүддесіне адалдықтың және рухани ерліктің үлгісі. Сонымен бірге, Міржақыптың өмірі мен қызметі патша және кеңес кезеңіндегі саяси қысымдарға төтеп беріп, қазақ интеллигенциясының күрескерлік жолының айқын көрінісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, оның әдебиеттегі бейнесі қазақ халқының тәуелсіздік пен ұлттық бірегейлікке ұмтылысын паш ететін рухани қазына ретінде ерекше маңызға ие.

Материалдар мен әдістер

Батыс еуропалық, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде ұсынылған теориялық принциптер мен ережелерді қолдана отырып, М.Дулатовтың шығармаларын талдау оның шығармашылығында көрініс тапқан қайғылы сананы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада М.Дулатұлының шығармашылығымен қатар, көркем шығармада кейіпкер ретінде суреттелуі қарастырылды. Осы тұста автордың өз туындыларындағы «авторлық мен» мен тарихи образ ретіндегі автор болмысын салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы талдадық. Мәтін мазмұнын терең түсініп, айтылар ойды оқырманға жеткізу мақсатында және шынайы дереккөздермен сәйкестігін дәлелдеу үшін герменевтикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Алаш қозғалысының тамыры қазақ қоғамын жаңғырту талаптарымен тығыз байланысты (Daurenbekova, Soltanayeva, & Adayeva, 2025). Бірінші кезекте, Абайдың ақын шәкірті Өріп Тәңірбергенұлының «Міржақып Дулатұлы мен Әлихан Бөкейханұлына» атты арнауын келтіре кетсек:

*«Міржақып, Бөкейханов – екі саңлақ,
Жұрт үшін бейнет көрген жанды жалдап.
Сапарың қайырлы болсын барған бетте,
Тілектестік білдіріп жаздым арнап.
Жаужүрек қыран көзді арыстаным,
Жан қиып халқың үшін қарысқаның
Қатардан қазақ сорлыны қалдырмасқа,
Бәйгеде ұлы дүбір жарысқаның...
...Болғанда бірің – Төре, бірің – Арғын,
Жетіліп жаңа шыққан жасыл шалғын.
Данышпаны, қазақтың екі көзі,
Ұлты үшін бейнет шеккен егіз балғын»* (Жұмағұл, 2017).

Өріп ақынның арнауына зер салсақ, Міржақып Дулатұлының ұлт үшін еңбек еткен батыл азамат болғаны жайында көптеген мәлімет алуға болады. Бұл бағаны қайраткер көзі тірісінде алды. Демек, замандастары мен үзеңгілестері Алаш арысын жоғары бағалағаны өлең жолдарынан анық аңғарылады.

Абайдың тағы бір ақын шәкірті, сазгер Ә.Найманбайұлы «Алашқа» дастанында Міржақыптың еңбегін елеп ескергенін байқаймыз:

*«...Міржақып Дулатов пен марқұм Абай,
Меллат үшін орысқа өтті жақпай.
Құлаққа құрым тыққан сауабың не,
Өр ауда телім болып бірлік таппай...»* (Жұмағұл, 2017).

Қысқа өлең жолынан бойынан қазақ халқын Ресейдің отарлық бұғауынан босатқысы келген Міржақып пен Абайдың қайраткерлігі жөнінде терең ойдың жатқандығы анық байқалады.

Міржақыппен ниеттес, үзеңгілес ұлы ақын Мағжан Жұмабаев бұл тақырыптан қалыс қалмаған. Екеуі көзі тірісінде жақын араласқандықтан бұл өлеңнің маңызын күшейте түседі. Алдымен, Мағжан М.Дулатұлы түрмеге тоғытылғанда «Жауға түскен жанға», қамаудағы кезіне «Тұтқын» және бостандыққа шыққан кезіне «М.Д. абақтыдан шыққанда» атты кішігірім өлеңдер топтамасын арнаған. Хронологиялық реттілікті сақтап, «Жауға түскен жанға» өлеңіне тоқталайық. Міржақыптай сыйлы азаматтың темір тордың ар жағынан шыққаны сол кездегі саясаттың ызғары еді. Әйтпесе, оның Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ». Осы оқиғаның куәгері болған Мағжан Міржақыпқа арналған өлеңінде осылайша тебіренеді:

*«Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің...
...Жағаластың жауменен,
«Бермеймін жұртым, жаным», – деп,
Алыспақ болдың тауменен,
«Жұрт үшін төгем қаным», – деп.*

«Оян! – дедің жұртыңа,
Бас көтеріп, тірлік қыл!»...

...Бір шешпедің беліңді,

Жұрт үшін уайым-қайғы жеп...» (Жұмабаев, 2003).

Қарап отырсақ, автор бір өлеңнің ішіне кейіпкердің бүтін болмысын сыйдыруға тырысқан. Міржақыптың ұлт мүддесі үшін көрген қиыншылығы, «Оян, қазақ!» деп елдің санасына сілкініс әкелгені, тәуекелге бел буып, қасарысқан дұшпандарына қарсы төтеп беруі бір ғана өлең аясына сыйып кетті. Ақын бар айтқысы келген ойын сыйдырып қана қойған жоқ, қайраткердің рухына дем беруге тырысқан.

«...Келешек күнде қағазға

Алтынмен жазар атыңды...»

Мағжан сол кездің өзінде Міржақыптың ұлт тарихында алар орнын екшеп кетті. Бұдан ақынның шеберлігін ғана емес, болашаққа нық сеніммен қараған көрегендігін байқауға болады. Айтқандай-ақ, бүгінгі таңда М.Дулатұлы лайықты бағасын алды. Бірін-бірі ерекше сыйлағаны да осы өлеңнен көрініс береді. Мағжан батылы мен білімі қатар жарасқан Міржақыптың бейнесін көз алдымызға алып келді.

«Тұтқын» деген өлеңінде ойын жалғастыра келе тағы терең ой салады.

«...Қайғыланба, сорлы тұтқын, еш нетпес,

Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес.

Ер жүректі азаматтың басына

Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?!»

Шынында, Алаш арыстарының басына түскен осыншама қиындықты көз алдына елестетудің өзі біз үшін оңай емес. Міржақып болса, үзеңгілестермен бірге тағдырдың тауқыметін талай тартты. Патша заманында, аумалы-төкпелі азаматтық соғыс жылдарында, ақыр соңы Кеңес билігі тұсында абақтыға жазықсыз қамалған. Мұндай тағдырды бастан кешудің азабын Мағжан жақсы түсінді, кейін өзі де талайын басынан кешірді.

Абақты азабы аяқталғанын естіген Мағжан қуанышын жасыра алмай, жырға қосады.

«Зор қуаныш қара түн өткеніне,

Алтын таңды ашық күн жеткеніне...

...Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,

Душар болмай дұшпанның мергеніне.

Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,

Мың шүкірлік Тәңірінің бергеніне...»

Бұл кезеңде ақынның үміті зор болатын. М.Дулатұлы аман қалуы жалғыз Мағжан үшін емес, тұтас ел үшін жақсылық сыйлаған кез болды. Өкінішке орай, бұл тек уақытша бұлт сейілген тыныштық заман еді. Алда болатын қайғылы оқиғалар жайлы ол кезде Мағжан да, Міржақып та біле қойған жоқ.

Қаламгер С.Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында Міржақыпқа мынадай баға беріп кетеді: «Алашорда көсемдерінің ішінде жұртты сөзбен ертіп әкететін айрықша екі кісі бар. Бірі – Міржақып Дулатов, бірі – Жаниша Досмұхамедұлы. Міржақып – жазу сөздің шебері, Жаниша – қара сөздің шешені...» (Сейфуллин, 1960).

Үзіндіге назар аударсақ, С.Сейфуллин Алаш арыстарын толықтай қолдамағанымен, олардың ірі тұлғаларын жоққа шығармайды. Қайта керісінше, Міржақыптың көсемсөзге шеберлігін, Жаһаншаның қара сөзге икемділігін мойындап тұрғаны анық.

М.Дулатұлының Алаш ұлттық әскерін құрудағы табанды істері мен ерлігі М.Титақұлының «Мұрат үшін майдан» тарихи пьесасында көрініс тапқан. Автор шығарманың бас кейіпкерлерінің қатарына М.Дулатұлын енгізеді. Қайраткердің азаматтық соғыс жылдарындағы ұлт үшін жанын шүберекке тиіп, ел мен жердің тұтастығы үшін аянбай тер төккені турасында мәліметтер келтіреді. Соғыс қарқыны күшейіп, басқыншылардың саны арта бастаған тұстағы жауынгерлерді рухтандырып, жауға қарсы тұруға үгіттіген Міржақыптың бейнесі ерекше көзге түседі. Сөзімізді дәлелдеу үшін Алаш арысының әскердің алдында сөйлеген сөзінен үзінді келтірсек:

«Міржақып (ортаға шығып):

«Азамат! Қазірде тұрмыстың толқыған кезі, дүниенің теңселген шағы, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туып, етігімен су кешер шақ. Қазірде, ел күңіреніп, ер қажып, жау жетті дейтін шақ. Қазірде, ел еркіндігі үшін, батыр батылдығына, данышпан ақылдылығына, елім деген азамат, ерік-қайратына сүйенетін шақ. Ел қорғау, отан қорғау, ісі – оңай іс емес, жұмылған көптің, қажусыз білектің қайратында болатын іс. Бұл жолда, қан төгіліп, ер кетпекші, ел күңіреніп, не етпекші. Азамат! Біз, тағдыр шешейік деп отырмыз...»» (АЛАШ пьесасы, 2014).

Үзіндіде М.Дулатұлының азаматтық болмысы мен көркемдік бейнесі бір-біріне сай келіп тұрғаны аңғарылады. Сол себепті М.Титақұлы драмалық шығармалардағы Міржақып бейнесін шебер сомдаған алғашқы драматургтердің қатарына енді.

1936 жылы жазушы Б.Майлиннің «Аманкелді» драмасында М.Дулатұлының көркем бейнесі де, тарихи шындық та бұрмаланып жазылды. Азаматтық соғыстың құрбаны, халық батыры А.Иманов жайында жазылған «Аманкелді» драмасы өз кезегінде бір ғана мақсатты көздеді: батырдың өліміне себепкер ретінде Алаш зиялыларын, оның ішінде М.Дулатұлын көрсету, сол арқылы ұлт зиялыларына атақты «халық жауы» деген қара күйені жағу еді. Мұндай жалған айыпты тағу кеңестік идеология үшін маңызды болды. Қазақтың бетке ұстар азаматтарын осы уақытқа дейін жай ғана келемеждеп, мазаққа айналдыру, жағымсыз кейіпкер етіп көрсету еш нәтиже бермеді. Сондықтан оларды «халық жауы» етіп көрсету арқылы, біртіндеп жасамаған қылмыстары үшін жазалау арқылы ғана Алаш қайраткерлерінің ерен еңбегі мен есімдерін халық санасынан өшіруге жол ашылды. Ал Торғайда қаза болған Аманкелді батырдың өлімін басқа емес, Міржақыптың мойнына жапқаны тағы бір қитұрқы әрекет еді: осы арқылы жерлес (екеуі де Торғай өлкесінің ту-масы), ағайындас қыпшақ пен арғын руларының арасында алауыздық туатыны айтпаса да түсінікті жайт болатын. Мінеки, бір оқпен екі қоянды ату дегеніміз осы.

Осындай саяси астары бар «тарихи» драманың авторын біз кінәлай алмаймыз, кінәлауға ешқандай қақымыз да жоқ. Сол замандағы үкіметтің қатыгездігі Б.Майлинге жалғанды шындыққа келтіріп жазудан басқа амал қалдырмады, бірақ жазушы күрделі қиыншылықтарға қарамастан, өзінің шынайы идеясын осы туындысына сыйдырып кетті. М.Дулатұлының ұлттық мемлекет құрудағы еңбегін бір эпизод арқылы ғана суреттеуге тырысты:

«Міржақып (телеграмды жайраңдап оқиды):

«Алаштың ардақты көсемдері – Ахмет пен Міржақып бастаған жұмыста қателесу бар деп ойламаймыз. «Алаш» ұлтын ел қыламыз деген ұлы ниетімізге пайдасы тиетін істің бәрін де қолдануларыңыз керек. Істеріңді құттықтап, әсіресе, келісімде өткізген шарттарыңызды құттықтап, Әлихан» (Қол ұру.)...»» (Майлин, 2005).

Шығарманы оқығанда кейіпкердің бір ғана ауыз сөзіне назар аударған абзал. Бейімбеттің айтқысы келген ойы да, Алаш көсемі Әлиханнның да, оның серіктері мен Ахмет пен Міржақыптың да шынайы болмысы - осы.

М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» деген ұраны қазақ жерінде ғана емес, шетелдегі қандастарымыздың жүрегіне ұялай білді. Қытай жерінде туып, қуғын-сүргін құрбаны болған қандас ақынымыз Таңжарық Жолдыұлы Міржақыптың ұлттық ұранын жоғары бағалап, халыққа үндеу салады:

«Жазылды Міржақыптан «Оян, қазақ!»,

Ескерді оны қашан «ноян» қазақ?

Орнына оянғанның ұйқы басып,

Қалдың гой, ши түбінде, қоян қазақ...» (Жолдыұлы, 1992).

Таңжарық осы өлеңі арқылы Міржақыптың ұранын қайта тірілтіп, халқын бостандыққа, ғылымға, білімге үгіттеп жатқанын байқауға болады.

Алаш арыстары ақталмай тұрып, бұл тақырыпты зерделеп, тарихы мен қоғам үшін өзектілігін айқындауға тырысқан қазақ жазушылары көп емес еді. Солардың қатарында жазушы-ғалым, алаштанушы Т.Жұртбайды атап өткеніміз жөн. Қаламгер өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында Алаш арыстарының шығармашылығымен жақынырақ танысады. Ұлт қайраткерлеріне арналған шынайы шығарма жазуға икемделеді. Осылайша, «Жер бесік» атты романында Саржан (М.Жұмабаев), Кәрібоз (Шәкәрім), Нұржақып (Міржақып) сияқты кейіпкерлерді енгізеді. М.Дулатұлының табандылығы мен принципшілдігі, қызылдарға сенім артпай, ұлт тұтастығын сақтап қалудағы өткір сөздері Т.Жұртбайдың шығармасында анық көрінеді:

«...Нұржақып жалт бұрылып, тұтыға сөйлейді:

– Тізе қоссаңдар, деймісің? Сонда, сенің ойыңша, қалай, бізді ол қызылдарың ұжмаққа апара ма? Алдыңда не күтіп тұр, білемісің. Қазулы ор, ор күтіп тұр. Ең бірінші – ұлттың дербестігі! Ал қызылдарға қосылсаң сол бұрынғы азап қамытыңды қайта киесің. Соған да түсінбейсің бе...» (Жұртбай, 2007).

Қаламгердің Шәкәрім, Міржақып, Мағжан сияқты арыстардың есімін не себепті өзгертіп бергені айтпаса да түсінікті жайт. Сонда-дағы Алаш қайраткерлерінің кеңес үкіметінің саясатына қарсылық білдіруі мен репрессияға ұшырауы жөнінде кеңестік дәуірде шығарма жазу – жазушының батылдығы және ұлтқа адалдығының көрсеткіші. Сол себепті шығарманы оқыған тұста жоғарыда аталған фактілерге назар аударған абзал.

Міржақып Дулатұлы рухына арналған арнау-өлеңдер қазақ әдебиетінде көп жазылды. Оған себеп, ХХІ ғасырдың басында ұлттың ұлы тұлғаларына арналған жиындар көп болды. Конференциялар, дөңгелек үстелдер, еске алу кештері мен мүшәйралардың санын анықтау қиынға соғады. Белгілі ақындардың басым көпшілігі осы тақырыпқа бет бұрған. Солардың бірі – Жарасқан Әбдірәш. Ақынның Алаш арысына арналған өлеңі бойды шымырлатып, жүрекке жетеді. Бұл тақырыпқа келмес бұрын жеткілікті көлемде дайындықтан өткенін аңғарамыз.

«Боз даланың бозторғайын жырлатып,

бүкіл қазақ ұйқысынан тұрды атып!

Өзі бірақ жұмды көзді қапыда,

мұңды көзді – Дулатұлы Міржақып!...» (Әбдірәш, 2017).

Автор бірінші шумақтан бастап Алаш қайраткерінің әдеби бейнесін барынша көркемдей түседі. Ұлтқа адал қызмет еткен Міржақыпты «даланың бозторғайына» теңейді.

«...Нұсқаған болашақты нұрлы ақылы,
болса егер бұл қазақтың бір жақыны –
даланың бозторғайы сияқтанған
Дулаттың аты шулы Міржақыбы!..»

Қазақ халқының танымында бозторғай құсы берекенің бейнесі іспеттес. Сол себепті Ж.Әбдірәш Міржақыпты ұлтқа береке әкелген тұлға ретінде бағалап тұр. Алаш арысының барлық істеген әрекеттері елдің қамы үшін жасалғаны жасырын емес.

«Бұл қазақ бір жақсыны ұмытпаса –
Дулаттың Міржақыбын ұмытпайды!..»

Өлеңнің соңғы бөлігінде автор әруаққа тағзым етіп, ұлы тұлғанының есімін мәңгілік есте сақтауды үндейді. Бүгінгі таңда аталған арнау өзінің өзектілігін жойған жоқ, қайта керісінше, осы тектес жанрдағы шығармалардың ақырындап сұранысқа қайта ие болып жатқанын байқауға болады.

Арнаудың жарқын мысалы ретінде Серік Тұрғынбекұлының өлеңіне кезек берейік. Ақын өз толғауында Міржақыптың жұмбақ өлімі жайлы тебіреніс білдіреді.

«...Таудан-тастан беті қайтып көрмеген,
Өлеңімен ет-жүректі тербеген
Атылған жоқ,
Асылған жоқ,
Әйтсе де

Ол өзінің ажалынан өлмеген!..» (Тұрғынбекұлы, 2014).

Ақиқаты сол, М.Дулатұлының жұмбақ өлімі жайлы нақты білмейміз. Автордың танымында, тұтқындар лагерінде жүрген Міржақыптың аяқ-асты қаза табуы тегін емес. Қасақана ұйымдастырылған қылмыс болуы да ғажап емес. С.Тұрғынбекұлының бұлай күмәндануына толық негіз бар. Өзі сол жылдары дәрігерлік қызметті атқарған Міржақыптың денсаулығы күрт нашарлап кетті дегенге сену қиын. Әйтсе де, тағдырдың салғанына көнуге тура келеді.

«...Тіршіліктің көп татпаған балынан,
Тұлпар уақыт ұстатпапты жалынан.
Жалғыз ғана Жамал емес бақытсыз,
Бүкіл қазақ бақытсыз деп налыған...»

Саналы ғұмырын халқының мүддесін қорғауға арнаған Міржақыпты автор осылайша құрмет тұтады. Қайраткердің әдеби мұрасы мен тарихи еңбегін ұштастырған тұсы оқырман жүрегіне әсер етпей қоймайды. Өлеңді оқи отыра кеуденді мақтаныш пен өкініш сезімі қатар билейтіні сөзсіз.

Тәуелсіздік жылдарында М.Дулатұлының азаматтық бейнесі мен өміріне арналған драматург Е.Төлеубайдың «Міржақып» трагедиясы өңірлік театр сахналарында қойылды. Пьесаның өне бойында ақын Міржақыптың жалынды жырлары мен алаш ұранды қанатты сөздері, Қазақстанды Ф.Голощекин келгеннен кейінгі ұлт зиялыларының жазықсыз жалаға ұшырап, бірінен соң бірінің түрмеге жабылуы сияқты сюжеттік элементтер шебер суреттеледі. Бұл пьесаны да Міржақыптың қайраткерлігі мен батылдығын толықтай дерлік аша алған көркем шығармалардың қатарына жатқызуды жөн санаймыз.

Қорытынды

Жалпы, Алаш арысы Міржақып Дулатұлының көркем әдебиеттегі бейнесі ұлт руханиятының жаңғыруына, тарихи шындықты терең зерделеуге, бұрмаланған көзқарастар

мен жалған идеологияның шырмауынан босауға үлкен үлес қосты. М.Дулатұлының шығармашылығы арқылы қазақ әдебиеті жаңа тыныс алып, ұлттық сана мен азаматтық рухтың оянуына септігін тигізді. Оның поэзиясы мен прозасы ұлттың өткеніне адал қарап, тәуелсіздік пен әділдік идеяларын насихаттады. Осылайша, Міржақып Дулатұлының әдебиеттегі бейнесі қазақ халқының тарихи тағдыры мен рухани болмысын жеткізуге қызмет ететін маңызды мәдени құндылыққа айналды. Оның мұрасы қазіргі және келешек ұрпақ үшін ұлт мақтанышы әрі өмірлік бағдар болып қала береді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ

Әдебиеттер тізімі

АЛАШ пьесасы – «МҰРАТ ҮШІН МАЙДАН» біз үшін өте тосын жаңалық! (2014, 4 ақпан). *Қазақ үні газеті*, №05 (614). <https://qazaquni.kz/alash/21123-alash-pesasyi-m-rat-shin-maydan-biz-> (қаралған күні: 10.04.2025)

Әбдірәш, Ж. (2017). *Құлпытас*. Алматы: Мер-Press баспасы.

Жұмағұл, С. (Құраст.) (2017). Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі. *Әдеби шығармалар. 1-кітап*. Қарағанды: Тенгри баспасы.

Жұмабаев, М. (2003). *Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том*. Алматы: Жазушы баспасы.

Жолдыұлы, Т. (1992). *Шығармалары*. Алматы: Жазушы баспасы.

Жұртбай, Т. (2007). *Болашақтың бәйтерегі: Әңгімелер, хикаяттар, роман-новелла. I том*. Алматы: Қайнар баспасы.

Қамзабекұлы, Д., Қажымұрат, А., & Екижи, М. (2025). Абай мен Алаш тұлғалары еңбектеріндегі ұлттық және мәдени код үдерісі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы*, 2, 247–257. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-247-257>

Сейфуллин, С. (1960). *Тар жол, тайғақ кешу*. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы.

Майлин, Б. (2005). *Көп томдық шығармалар жинағы. Төртінші том: Пьесалар*. Алматы: Қазығұрт баспасы.

Тұрғынбекұлы, С. (2014). *Таңдамалы. Екі томдық. 2-том*. Астана: Фолиант баспасы.

Abdikalyk, K., Baltabayeva, N., & Kozhekeyeva, B. (2024). Tragic Elements in M. Dulatov's Poem 'Qaida ediń'? (Where Were You?). *Nauchnyi Dialog*, 13(4), 153–171. <https://doi.org/10.24224/2227-1295-2024-13-4-153-171>

Daurenbekova, L., Soltanayeva, Y., & Adayeva, Y. (2025). The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success. *Journal of Social Studies Education Research*, 2, 39–73.

Г. Газизов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Поэтика художественного образа Миржакыпа Дулатова

Аннотация. В процессе обоснования образа исторических личностей в художественном произведении каждый писатель, поэт-писатель полностью знакомится с жизнью этой

личности, историческими данными, литературой того периода. В казахской литературе образ героев, проявивших героизм в годы войны и создания Казахского ханства, образ великих личностей, возводимых в ходе развития страны и учебно-просветительских мероприятий XX века, иллюстрируется в художественных произведениях. В статье подробно анализируется образ деятеля Алаша, видного представителя национально-освободительного движения, поэта и мастера лидерства Миржакыпа Дулатова в художественной литературе. Отражение бытия и общественной деятельности исторической личности в художественной литературе дифференцируется на основе произведений разных писателей. В частности, будет проведен анализ образа Миржакыпа в трудах таких поэтов-писателей, как А. Танирбергенов, А. Найманбаев, М. Жумабаев, С. Сейфуллин, М. Титакovich, Б. Майлин, Т. Журтбай, Ж. Абдираш, С. Тургунбекулы и Е. Толеубай. Относительно рассматриваются искаженные образы советской эпохи и реалистичные и позитивные оценки периода независимости. Кроме того, в статье глубоко раскрывается влияние лозунга «Пробудись, Казах!» на национальное сознание, судьбу в тюрьме, образ жертвы политических репрессий, духовный облик в поэзии и драматургии. Через художественный образ деятеля раскрываются национальная история, идея независимости и стремление к исторической справедливости.

Ключевые слова: деятели Алаша, национально-освободительное движение, казахская литература, художественный образ, национальное сознание, политические репрессии, поэзия.

G. Gazizov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The poetics of Mirzhakyp Dulatovich's artistic image

Abstract. In substantiating the image of historical figures in a work of fiction, every writer, poet-writer gets fully acquainted with the life of this person, historical data, and literature of that period. In Kazakh literature, the image of heroes who showed heroism during the war and the creation of the Kazakh Khanate, the image of great personalities built during the development of the country and educational events of the twentieth century, is illustrated in works of art. The article analyzes in detail the image of the activist Alash, a prominent representative of the national liberation movement, poet and master of leadership Mirzhakyp Dulatovich in fiction. The reflection of the existence and social activity of a historical personality in fiction is differentiated on the basis of the works of different writers. In particular, the analysis of the image of Mirzhakyp in the works of such poets and writers as A. Tanirbergenovich, A. Naimanbaevich, M. Zhumabaev, S. Seifullin, M. Titakovich, B. Mailin, T. Jurtbai, J. Abdirash, S. Turgunbekuly and E. Toleubai will be carried out. The distorted images of the Soviet era and realistic and positive assessments of the independence period are relatively considered. In addition, the article says: «Wake up, Kazakh!» profoundly reveals the influence of the slogan on national consciousness, the fate of the prison, the image of a victim of political repression, and the spiritual image in poetry and drama. Through the artistic image of the figure, the national history, the idea of independence and the desire for historical justice are revealed.

Keywords: figures of Alash, national liberation movement, Kazakh literature, artistic image, national consciousness, political repression, poetry.

References

- ALASH p'esasy – «MURAT YSHIN MAIDAN» biz yshin ote tosyn zhanalyq! [Alash's play «Maidan for Murat» is a very unexpected discovery for us!]. (2014) "Kazak uni" gazetі, 05(614). [in Kazakh]
- Abdirash J. (2017) Kulpytas [Tombstone]. Almaty [in Kazakh]
- Jumagul, S. (comp.) (2017) Adebiettegi Alihan Bokeyhan beinesi. Adebі shygarmalar. 1-kitap [The image of Alikhan Bukeikhan in literature. Literary works. Book 1.]. Karagandy. [in Kazakh]
- Jumabayev M. (2003). Kop tomdyk shygarmalar jinagy. 2-tom. [A collection of multi-volume works. Volume 2.]. Almaty. [in Kazakh]
- Joldıulı T. (1992). Shyarmalary [Works]. Almaty [in Kazakh]
- Jurtbay T. (2007). Bolashaktyn baiteregi: angimeler, hikayattar, roman-novella. 1 tom [Baiterek of the future: stories, stories, novel-novella. Volume I]. Almaty [in Kazakh]
- Kamzabekuly D., Kazhymurat A., M.Ekiji. (2025). Abai men Alash tulgalary enbekterindegi ulttyq jane madeni kod uderisi [The process of the national and cultural code in the works of Abai and Alash people]. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series*, 2, 247-257 [in Kazakh]
- Seyfullin S. (1960). Tar jol, taigak keshu [A narrow road, slippery]. Almaty [in Kazakh]
- Mailin B. (2005). Kop tomdyk shygarmalar jinagy. Tortinshi tom: P'yesalar [A collection of multi-volume works. Volume four: the plays]. Almaty [in Kazakh]
- Turgynbekuly S. (2014). Tandamaly. Eki tomdyq. 2-tom [Custom. Two volumes. Volume 2]. Astana [in Kazakh]
- Abdikalyk K., Baltabayeva N., Kozhekeyeva B. (2024). Tragic Elements in M. Dulatov's Poem 'Qaida ediñ?' (Where Were You?). *Nauchnyi Dialog*, 13(4), 153-171
- Daurenbekova L, Soltanayeva Y., Adayeva Y. (2025). The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success. *Journal of Social Studies Education Research*, 2, 39-73.

Автор туралы мәлімет:

Газизов Гибрат – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: gibrat_01@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2415-7778>

Газизов Гибрат – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: gibrat_01@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2415-7778>

Gazizov Gibrat – PhD student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gibrat_01@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2415-7778>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).